

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын авариялық-құтқару құрал-саймандарымен, жабдықтарымен, жабдық-тұрмандарымен және киім-кешегімен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі № 350 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 мамырда № 18620 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын авариялық-құтқару құрал-саймандарымен, жабдықтарымен, жабдық-тұрмандарымен және киім-кешегімен жабдықтаудың заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Р.Ф. Жақсылықов) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Р.Ф. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі полиция генерал-майоры*

Е. Тургумбаев

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын авариялық-құтқару құрал-саймандарымен, жабдықтарымен, жабдық-тұрмандарымен және киім-кешегімен жабдықтаудың заттай нормалары

№	Заттай норманың атауы	Өлшем бірлігі	Сандық мәндегі норма	Пайдалану мерзімі (жыл)	Қолдану саласы	Таралу саласы
1-тарау Авариялық-құтқару құрал-саймандары						
1.	Электр перфоратор	дана	1	10	Темір-бетон, бетон конструкцияларда саңылаулар ойықтар жасау үшін	Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері (бұдан әрі - АҚӘБ) бір құтқару бөлімшесіне
2.	Тасымалданатын жеке өрт сөндіру құралы	дана	1	3	Әскери қызметшіні оттан қорғау үшін	Әскери жедел резерв (бұдан әрі - ӘЖРез) бір әскери қызметшіге
3.	Электрлі шой балға	дана	1	10	Темір-бетон, бетон конструкцияларды босату және ұсақтау үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
4.	Бұрышты тегістегіш машина	дана	1	10	Темір-бетон, бетон, металл конструкцияларды кесу, тазарту үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
5.	Гидравликалық құрал-сайманға арналған жоғары қысымдағы гидравликалық сорғы	дана	1	7	Гидравликалық құтқару құрал-сайманына гидравликалық сұйықтық беру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
6.	Гидравликалық шлангісі бар орауыш	жинақ	1	7	Гидравликалық құтқару құрал-сайманын гидравликалық сорғыға қосу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
7.	Саптамасы және шынжыры бар жақты гидравликалық кеңейткіш	дана	1	7	Әртүрлі объектілерді жылжыту, үйінділерде өту жолдарын жасау, жылжыту қиын объектілердің түйіскен жерлеріндегі саңылауларды кеңейту, жүктерді ұстап тұру, объектілерді бөлшектеу және тарту үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне

8.	Саптамасы және шынжыры бар жақты гидравликалық кескіш құрамдастырылған	дана	1	7	Темір-бетон, бетон конструкцияларда (кесу, ұлғайту, тарту және тағыда басқа) құрамдастырылған жұмыстар үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
9.	Жақты кескіш	дана	1	7	Металл конструкцияларды, арматураларды, құбырларды кесу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
10.	Гидравликалық қуатты цилиндр	жинақ	1	7	Инженерлік конструкцияларды, темір-бетон плиталарды, автомобильдерді көтеру, сондай-ақ ауыр заттарды жылжыту үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
11.	Гидравликалық домкраттың тірегі	дана	1	7	Гидравликалық домкраттың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
12.	Жоғары, төменгі қысымдағы көтергіш жастықтар	жинақ	1	7	Ауыр объектілерді (автомобиль, темір-бетон конструкцияларды) көтеру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
13.	Сығымдалған ауа баллоны	дана	1	7	Көтеретін жастықтарды үрлеу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
14.	Шынжырлар жиынтығы бар бензинмен жұмыс істейтін ара	дана	1	10	Ағаш конструкцияларды кесу, ағаштарды құлату үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
15.	Шығыр	дана	1	15	Ауыр конструкцияларды, заттарды жылжыту, көтеру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
16.	Гидравликалық шағын кескіш	жинақ	1	7	Үйінділердегі авариялық-құтқару жұмыстары, жету қиын жерлерде металл конструкцияларды, кабельдерді, арматураларды кесу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
17.	Резервуарларды герметизациялауға арналған жиынтық	жинақ	1	7	Сұйықтықтар, улы техникалық сұйықтықтар, химиялық қауіпті заттар бар резервуарлардан ағуды бітеу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
18.	Механикалық, гидравликалық домкраттар жүккөтергіштігі әртүрлі)	(жинақ	2	10	Ауыр объектілерді (автомобиль, темір-бетон конструкцияларды) көтеру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
19.	Дәнекерлеу аппараты	жинақ	1	10	Дәнекерлеу жұмыстары (кесу) үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
20.	Трос, арматураға және электр кабеліне арналған кескіш	дана	1	10	Үйінділердегі трос, арматура және электр кабельді кесу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне

21.	Гидравликалық тіректер	жинақ	2	10	Инженерлік конструкцияларды, темір-бетон плиталарды және автомобильдерді ұстап тұру (тіреу) үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
22.	Жеңкұбыры бар мотопомпа	дана	1	10	Су сору және беру үшін	АҚӘБ бір құтқару ротасына
23.	Ыңғайлы үлкен балға	дана	1	15	Конструкцияларды бөлшектеу және монтаждау кезінде қатты сокқы жасау үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
24.	Үш буынды саты	дана	1	15	Жоғары көтерілу үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
2-тарау Авариялық-құтқару мақсатындағы жабдықтар						
25.	Үйінділердің астынан адамдарды іздеуге арналған акустикалық аспап	дана	1	7	Үйінділерде зардап шеккендерді іздеу үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
26.	Жылу шығарғыш	дана	1	7	Үйінділерде зардап шеккендерді іздеу үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
27.	Эхолокатор	дана	1	7	Су астынан адамдарды іздеу үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
28.	Қар көшкінінде қалып қойған адамдарды табуға арналған аспап	дана	10	5	Қар көшкінінде қалып қойған адамдарды іздеу үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
29.	Пневматикалық құтқару маты (батут)	жинақ	1	7	Ғимараттың жоғарғы қабатындағы адамдарды құтқару үшін	АҚӘБ бір құтқару ротасына
30.	Сүзгілі өзін-өзі құтқару аспабы	дана	1	7	Әскери қызметшілердің (құтқарушылардың) тыныс алу органдарын қорғау үшін	АҚӘБ бір құтқарушысына
31.	Қуаттылығы 4-6 киловатт тасымалданатын электрмен қоректендіру агрегаты	жинақ	1	7	Жету қиын жерлерде авариялық-құтқару құрал-саймандарды электрмен қоректендіруді қамтамасыз ету үшін	АҚӘБ бір құтқару ротасына
32.	Қуаттылығы 20 киловатт тасымалданатын электрмен қоректендіру агрегаты	жинақ	1	7	Авариялық-құтқару құрал-саймандарды электрмен қоректендіруді қамтамасыз ету үшін	АҚӘБ бір құтқару батальонына
33.	4-6 киловатт электрлік жылжымалы жылу желдеткіші	дана	1	7	Үй-жайды жылдам жылыту, мүлікті кептіру үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына

34	GPS навигаторы (жаһандық позициялау жүйесі)	жинақ	1	7	Зардап шеккендерді іздеу және орналасқан жерін анықтау үшін	АҚӘБ бір құтқару ротасына
35	Жарықтандыру ж и н а ғ ы (шам, баған, таяныш аккумулятор)	жинақ	1	7	Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу орнын жарықтандыру үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
36	Кабель орауыш 50 метр	дана	1	10	Авариялық-құтқару жұмыстары жүргізілетін жерге дейін жарықтандыру жабдықтарын жеткізу үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
37	Кабель орауыш 100 метр	дана	1	10	Авариялық-құтқару жұмыстары жүргізілетін жерге дейін жарықтандыру жабдықтарын жеткізу үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
38	Мандайға тағылатын шам	дана	1	5	Әскери қызметшінің (құтқарушының) авариялық-құтқару жұмыстары жүргізілетін жерді жеке жарықтандыруы үшін	АҚӘБ құтқару бөлімшелерінің жеке құрамына
39	Электромегатфон	дана	1	5	Ауқымды аймақта авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру кезінде командалық сөзді күшейту үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
40	Өрт сөндіру сөмкесі (рюкзак)	дана	15	5	Сумен және химикаттардың су қосылған ертінділерімен бәсең және орташа қарқынды орман, дала өрттерін сөндіру үшін	бір құтқару взводына
41	Зембіл	дана	2	10	Зардап шеккендерді төтенше жағдай аймағынан эвакуациялау үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
42	Ара	дана	1	7	Шағын ағаш конструкцияларды, ағаштарды кесу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
43	Балта	дана	3	7	Шағын ағаш конструкцияларды, ағаштарды шабу үшін	АҚӘБ, ӘЖРез құтқару тобы (бұдан әрі - ҚТ) бір құтқару бөлімшесіне
44	Сабы бар жалпақ күрек	дана	5	10	Авариялық-құтқару жұмыстары жүргізілетін жерді құрылыс қоқысынан тазарту үшін	АҚӘБ, ӘЖРез ҚТ бір құтқару бөлімшесіне
45	Сабы бар сүйір күрек	дана	5	10	Жердің тығыз қабатын жырту үшін	АҚӘБ, ӘЖРез ҚТ бір құтқару бөлімшесіне
46	Қарапайым сүймен 6,3 килограмм	дана	5	20	Жердің қатты қабатын ою үшін (оның ішінде мұзды)	АҚӘБ, ӘЖРез ҚТ бір құтқару бөлімшесіне

3-тарау Авариялық-құтқару жабдық-тұрманы

1-параграф. Авариялық-құтқару жабдық-тұрманы

47	Альпинисттік сақтандыру карабині	дана	50	10	сақтандыру шынжырының әр түрлі элементтерін тез қосу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
48	Түсу жабдықтары	дана	10	5	Арқанмен түсу үшін (дюльфер)	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
49	"Блок-қысу" құрылғысы	дана	5	7	Жоғары көтерілу кезінде арқанды қысу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
50	"Блок-жұдырық иілу" құрылғысы	дана	5	7	Жоғары көтерілу кезінде арқанды қысу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
51	Құтқарушыны зардап шегушімен бірге түсіруге арналған "Каталка" құрылғысы	дана	1	5	Арқанмен түсуді бақылау үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
52	Құрал-саймандарға арналған белдік белдеуі	дана	5	7	Жеке альпинистік жабдық-тұрмандарды бекіту үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
53	Жеке сақтандыру жүйесі	жинақ	5	7	Қауіпсіз альпинисттік жұмыстарды қамтамасыз ету үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
54	Өзін-өзі сақтандыру қылқандары	жұп	10	1	Альпинисттік жұмыстар кезінде әскери қызметшіні (құтқарушыны) сақтандыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
55	Белге тағатын сөмке	дана	5	7	Ұсақ жабық-тұрмандарды тасу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
56	Альпинистік сөмке	дана	5	5	Құтқару жабдық-тұрманын тасу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
57	Жартас балғасы	дана	5	10	Жартаста ілмекті бекіту үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
58	Жартас ілгектері (тік, көлденең, швеллер, қорап, бүршік ілгектері)	жинақ	50	5	Жартаста сақтандыруды және қозғалысты ұйымдастыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
59	Арқаннан жасалған альпинистік саты	дана	1	3	Жартасты жерлерде түсу, көтерілу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
60	Бекіту құрылғысы, стопор	жинақ	50	5	Жартаста сақтандыруды және қозғалысты ұйымдастыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
61	Жылжымалы бекіту құрылғысы	жинақ	5	5	Жартаста сақтандыруды және қозғалысты ұйымдастыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне

62	Мұзшапқыш	дана	5	10	Мұзды, қарлы жартаста жүру үшін
----	-----------	------	---	----	---------------------------------

						құтқару бөлімшесіне
63	Мұзға арналған ілгектер (мұзжарғыш)	дана	5	10	Мұзды шатқалда сақтандыруды ұйымдастыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
64	Қар көшкіні сымы	дана	5	10	Қар көшкіні кезінде сақтандыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
65	"Кошка" альпинистік құрылғысы	жұп	5	10	мұзды, қарлы жерде жүру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
66	Блоктар	дана	10	5	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
67	"Жұмыр" үлгісіндегі арқан қысқыш	дана	10	5	Тігінен жоғары көтерілу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
68	"Кроль" үлгісіндегі арқан қысқыш	дана	5	5	Арқанмен жоғары көтерілу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
69	Түсу жылдамдығын реттеу құрылғысы	жинақ	5	5	Арқанмен төмен түсу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
70	Дара арқанға арналған көлік блогы	дана	5	5	Арқанмен жоғары көтерілу және түсу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
71	Қосарланған арқанға арналған көлік блогы	дана	5	5	Арқанмен жоғары көтерілу және түсу үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
72	Дара және қосарланған арқанды бекітуге арналған құрылғы	дана	5	5	Арқанды бекіту үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
73	Арқанмен көтерілуге арналған аяқ қысқышы	дана	1	5	Арқанмен жоғары көтерілу үшін	АҚӘБ бір маманына құтқарушысына
74	Диаметрі 10-11 миллиметр 2000 метрлік негізгі динамикалық арқан	дана	1	5	Биік ғимараттар мен таулы жерлерде құтқару жұмыстарын жүргізу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
75	Диаметрі 10-11 миллиметр 500 метрлік негізгі динамикалық арқан	дана	1	5	Құтқару жұмыстарын жүргізу үшін	АҚӘБ іздеу взводына
76	Диаметрі 6-8 миллиметр 400 метрлік қосалқы арқан	дана	1	5	Биік ғимараттар мен таулы жерлерде құтқару жұмыстарын жүргізу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
	Диаметрі 6-8 миллиметр 200					

77	метрлік қосалқы арқан	дана	1	5	Құтқару жұмыстарын жүргізу үшін	АҚӘБ іздеу взводына
78	Трос ілмектері	жинақ	3	5	Жартаста сақтандыруды және қозғалысты ұйымдастыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
79	Диаметрі 8 миллиметр әртүрлі модификациядағы шлямбурлы ілгектер	дана	10	5	Жартаста сақтандыруды және қозғалысты ұйымдастыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
80	Диаметрі 10 миллиметр әртүрлі модификациядағы шлямбурлы ілгектер	дана	10	5	Жартаста сақтандыруды және қозғалысты ұйымдастыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
81	Диаметрі 12 миллиметр әртүрлі модификациядағы шлямбурлы ілгектер	дана	10	5	Жартаста сақтандыруды және қозғалысты ұйымдастыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
82	Әртүрлі модификациядағы роликті имектер	дана	5	5	Жартаста сақтандыруды және қозғалысты ұйымдастыру үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
83	Блок-тежегіш	дана	3	5	Арқанмен жоғары көтерілу және түсу үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
84	Карабиндері бар сақтандыру кермесі	жинақ	10	5	Альпинистік мүлікті іліп қою үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
85	Жинақтаушы пластина (карабиндік таратқыш)	дана	5	5	Карабиндерді ілу үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне
86	Альпинистік дулыға	дана	5	5	Таулы жерде жұмыс істеген кезде әскери қызметшінің (құтқарушының) басын қорғау үшін	АҚӘБ бір құтқару бөлімшесіне

2-параграф. Судағы және суасты жұмыстарына арналған жабдық-тұрман

87	Сүңгуірлік тыныс алу аппараты	жинақ	1	5	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ маманына (сүңгуіріне)
88	Құрғақ типті гидрокостюм	жинақ	1	5	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ маманына (сүңгуіріне)
89	Мұз үстінде жұмыс істеуге арналған костюм	жинақ	1	5	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ маманына (сүңгуіріне)
90	Терендік өлшеуіш	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ маманына (сүңгуіріне)
91	Су асты компасы	дана	1	8	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ маманына (сүңгуіріне)

92	Сүңгуір пышағы	дана	1	10	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
93	Ескекаяқ	жұп	1	5	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
94	Жеке сүңгуір компьютері	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
95	Тыныс алу түтігі бар бетті толық жабатын су асты маскасы	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
96	Құтқару шеңбері	дана	3	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
97	Жабдықтауға арналған герметикалық кофр	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	АҚӨБ сүңгуір бөлімшесіне
98	Сүңгуір дулығасы	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
99	Ылғалды типті гидрокостюм	жинақ	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
100	Сүңгуірлік ауырлатылған резеңке етіктер	жұп	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
101	Ауырлатқышы бар жүк белдігі	жинақ	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
102	Кеуде жүгі	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
103	Сигналдық арқан ұшы	метр	30	5	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
104	Түсіру арқан ұшы	метр	30	5	Су асты жұмыстары үшін	АҚӨБ сүңгуір бөлімшесіне
105	"Александров" арқаны	метр	3	5	Су асты жұмыстары үшін	АҚӨБ сүңгуір бөлімшесіне
106	Құтқару кеудешесі	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
107	Баллонға арналған кебіс	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)
108	Баллонды тасымалдауға арналған тор	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ө Б маманына (сүңгуіріне)

109	Жүзулік компенсатор кеудешесі	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)
110	Сүңгуірлік ішкі киім	жинақ	1	5	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)
111	Бетті толық жабатын сүңгуір маскасы	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)
112	Түтігі бар бетті толық жаппайтын маска	жинақ	1	7	Су асты жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)
113	Желдетілетін сүңгуірлік жабдық-тұрман	жинақ	1	7	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
114	Гидравликалық компрессор	жинақ	1	7	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
115	Гидравликалық шлангтар жиынтығы	жинақ	1	7	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
116	Су асты гидравликалық перфоратор	жинақ	1	7	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
117	Су асты гидравликалық ұрғышы	жинақ	1	7	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
118	Су асты гидравликалық гайкабұрағыш	жинақ	1	7	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
119	Су асты гидравликалық шынжырлы ара	дана	1	7	Су асты жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
120	Таңбалау балғасы	дана	2	7	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
121	"Кошка" үштісті ілгегі	дан	2	10	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
122	Баллондарды зарядтауға арналған тасымалданатын ауа компрессоры	дана	1	7	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
123	Сигналдық жалаулар	жинақ	5	10	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
124	Су асты байланысы	жинақ	1	7	Құтқару жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)
125	Су асты аккумуляторлық шамы	дана	1	1	Құтқару жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)
126	Багор	дана	1	7	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне

127	15*56 дүрбі	дана	1	30	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
128	Компенсатор	дана	1	4	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
129	Сүңгуірлік шұлық	дана	1	1	Құтқару жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)
130	Сүңгуірлік қолғап	дана	1	1	Құтқару жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)
131	30 ат күші аспалы қайық моторы	дана	1	10	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
132	GoPro типті су асты бейнекамерасы	дана	1	7	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
133	Жабдық-тұрманға арналған сөмке	дана	1	4	Құтқару жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)
134	Зәкір	дана	1	7	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
135	Батарея 24ват, 3,0 ампер сағат	дана	1	1	Құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ сүңгуір бөлімшесіне
136	Құтқару кеудешесі	дана	1	4	Құтқару жұмыстары үшін	А Қ Ә Б маманына (сүңгуіріне)

4-тарау Авариялық-құтқару киім-кешегі

137	Брезент жұмыс қолғабы	жүп	1	1	Сынықтармен, конструкция бөлшектерімен жұмыс істеу кезінде қолды қорғау үшін	АҚӘБ құтқару бөлімшелерінің жеке құрамына, ӘЖрез ҚТ
138	Күшейтілген қорғау дулығысы гермошлем	дана	1	10	Құтқару жабдығымен жұмыс істеу кезінде әскери қызметшінің (құтқарушының) басын қорғау үшін	АҚӘБ бір маманына (құтқарушыға)
139	Мақта жұмыс қолғабы	жүп	1	1	Авариялық-құтқару құралдарымен жұмыс істеу кезінде қолды қорғау үшін	АҚӘБ құтқару бөлімшелерінің жеке құрамына, ӘЖрез ҚТ
140	Сақтандыру үшін күшейтілген тау қолғабы	жүп	1	2	Арқанмен жұмыс істеу кезінде қолды қорғау үшін	АҚӘБ бір маманына (құтқарушыға)
141	Вейдерстер (суға қиетін шалбар)	жинақ	15	2	Су басқан аумақтардағы құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ бір құтқару взводына
142	Резеңке етік	жүп	1	2	Су басқан аумақтардағы құтқару жұмыстары үшін	АҚӘБ құтқару бөлімшелерінің жеке құрамына, ӘЖрез ҚТ
	Агрессиялық сұйықтықтармен					

143	және заттармен жұмыс істеуге арналған герметикалық қорғаныш көзілдірігі	дана	1	5	Агрессиялық сұйықтықтармен және заттармен жұмыс істеу үшін	АҚӘБ бір маманына (құтқарушыға)
-----	---	------	---	---	--	---------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК